

Жер учаскелеріне қауымдық сервитут белгілеу туралы

Қостанай облысы Қостанай қаласы әкімдігінің 2025 жылғы 30 мамырдағы № 798 қаулысы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 18-бабының 5-1 тармақшасына, 69-бабының 4-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына сәйкес Қостанай қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қостанай қаласы әкімдігінің құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекемесіне елді мекендердің жері санатынан осы қаулының қосымшасына сәйкес жер учаскелеріне қауымдық сервитут белгіленсін.

2. "Қостанай қаласы әкімдігінің жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулыны қол қойылған күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде ресми жариялауға жіберуді;

2) ресми жарияланғаннан кейін осы қаулыны Қостанай қаласы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қостанай қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Әкім

М. Жүндібаев

Әкімдіктің

2025 жылғы 30 мамырдағы

№ 798 қаулысына

қосымша

"Қостанай қаласы әкімдігінің құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекемесіне қауымдық сервитут белгіленетін жер учаскелерінің тізбесі

1) Қостанай қаласы, Текстильщиков көшесі мекенжайында орналасқан жер учаскесі , жалпы алаңы 0,0008 гектар, "Қайырбеков көшесі мен Текстильщиков көшесінің қиылысында орналасқан жекпе жек залын салу" объектісі бойынша инженерлік коммуникацияларды жүргізу үшін (Телефондандыру);

2) Қостанай қаласы, Текстильщиков көшесі мекенжайында орналасқан жер учаскесі , жалпы алаңы 0,0269 гектар, "Қайырбеков көшесі мен Текстильщиков көшесінің

қиылысында орналасқан жекпе жек залын салу" объектісі бойынша инженерлік коммуникацияларды жүргізу үшін (Су құбыры);

3) Қостанай қаласы, Текстильщиков көшесі мекенжайында орналасқан жер учаскесі , жалпы алаңы 0,0414 гектар, "Қайырбеков көшесі мен Текстильщиков көшесінің қиылысында орналасқан жекпе жек залын салу" объектісі бойынша инженерлік коммуникацияларды жүргізу үшін (Электрмен жабдықтау);

4) Қостанай қаласы, Текстильщиков көшесі мекенжайында орналасқан жер учаскесі , жалпы алаңы 0,1088 гектар, "Қайырбеков көшесі мен Текстильщиков көшесінің қиылысында орналасқан жекпе жек залын салу" объектісі бойынша инженерлік коммуникацияларды жүргізу үшін (Электрмен жабдықтау).